

«Зияткер» мамандандырылған мектеп-лицейі

Қамқоршылық кеңес отырысы

Хаттама № 3

Өткізілген уақыты: 06.02. 2024 жыл

Отырыстың басталуы: 17.00 сағ.

Отырыстың аяқталуы: 17.50 сағ.

Қатысканы: қамқоршылық кеңестің мүшелері -7

Күн тәртібінде:

1. 2024-2029 жылдарға арналған Мектептің даму бағдарламасы;
2. Мектептің күрделі жөндеу жұмыстары.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А. Омиржанова 2024-2029 жылдарға арналған Мектептің даму бағдарламасына тоқталды.

Мектептің миссиясы: Ұлттық, жаһандық, жанару-келешек ұрпақ ертеңі.

Мектептің мақсаты: Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға қолдау көрсету арқылы құндылыққа негізделген және іс-әрекеттік, тұлғаға бағытталған коммуникативті тәсілдер негізінде кәсіби бағыт-бағдар беруге ұмтылған тәрбие-білім ортасын құру.

Пайымы: Сапалы білім, әділетті ұрпақ - ұлт болашағы.

Мектептің міндеттері:

1. педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы білім беруді басқаруды одан әрі ізгілендіру және демократияландыру;
2. оқу-тәрбие үрдісінде оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын дамытуды жүзеге асыру арқылы оқушылардың білім сапасының көтерілуіне ықпал ету;
3. ғылымға деген қызығушылығын сақтау және дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;

4. оқушылардың ғылыми жоба жарыстарына, пәндік олимпиадаларға, түрлі танымдық байқауларға қатысуын қамтамасыз ете отырып, дарынды тұлғаны дамыту;

5. Оқушыларға олардың бейімділіктері мен қызығушылықтарына сәйкес келетін қызмет салаларын анықтауға көмектесу арқылы кәсіптік бағдар беруді қамтамасыз ету.

Мектептің даму бағдарламасынан күтілетін нәтижелер мен көрсеткіштер

- «Педагог-шебер», «педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» үлесінің 50% жетуі;
- Білім сапасының деңгейі 80%;
- Шығармашылық байқауларға, ұжымдық шығармашылық істерге, қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі іс-шараларға қатысатын білім алушылардың үлесі 56%;
- Қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі ғылыми-зерттеу жобаларына қатысатын мектеп оқушыларының үлесі 47%;
- Түлектердің 100% мемлекеттік грант иегері атануы;

Екінші мәселе бойынша мектептің күрделі жөндеу жұмыстары жайлы мектеп директоры А. Омиржанова алдағы уақыттағы жұмыстарға тоқталып өтті.

Шешім:

1. 2024-2029 жылдарға арналған Мектептің даму бағдарламасын Қарағанды облысы Оқу әдістемелік орталығына бекітуге ұсыну;
2. Мектептің күрделі жөндеу жұмыстары жайлы қамқоршылық кеңес мүшелеріне ақпарат беріп отыру.

Кеңес төрайымы

Кунарбекова М.М.

Хатшы

Ксан А.С.

Мүшелері:

Жакупова Бакыт Майдановна




Садыкова Гулниет Багдатовна



Шакирова Диана Буркитовна



Касенова Карина Кайратовна



Жуматова Рауаш Алтаевна



Искакова Толкын Нұракымовна

